

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 1811-1823

№ 3 (2019)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВОО постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 17026-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленностьпубликация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук**Подписной индекс – 76132****Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,**ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
 Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*
 Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

© ПГУ имени С. Торайгырова

МАЗМҰНЫ**Абдирасилова Г. Қ.**Аналитикалық тәсіл – сөздердің бірігу,
қосарлану, тіркесуі арқылы жаңа мағына тудыру жолы12**Абдирасилова Г. Қ., Шойбекова Ғ. Б.**

Қазақ тіліндегі ине-жіп атауларының семантикасы23

Акошева М. К., Рахимжанов К. Х.

Сөйлеу әрекетін түсіну және интерпретациялау табиғаты туралы33

Акынова Д. Б.

Код ауысымы және кірме сөздерді дифференциациялау мәселелері41

Амангазықызы М., Оразбек М. С.

Қазақ прозасындағы қала модельдері49

Асан А. Қ.

Магиялық реализм: терминнің негіздемесі мен даму ерекшеліктері59

Аялбергенов Б. К.

Семиотикалық үрдіс ретіндегі сөйлеу әрекетінің негізгі қасиеттері64

Абдыхалыкова А., Жамышева Х.

Жоғары білім беруде ағылшын тілін оқытудың ақылды технологиялары ...73

Әлбеков Т. К.

Ауызекі әңгімелер – ел тарихының дереккөзі81

Балмагамбетова Ж. Т., Есқараева А. Е.

Метафоралардың аударылым ерекшеліктері

лингвомәдени лакун ретінде90

Досанова А. М., Әбдіқадыр И. Ә.

Репатриант-қазақтар: азаматтық сәйкестілік пен

мемлекеттік тілге қатынас корреляциясы97

Елеуова А. С., Ысқақова Ұ. Қ.

Диалог құрылымындағы тілдесімдік көрсеткіштер107

Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ғ., Қадырова Б. М.

Ғаламның тілдік бейнесіндегі фразеологизмдердің көрінісі115

Жанбуршина К. У., Жусупова Р. Ф., Бабаева Ю. В.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында

студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру123

Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.

Мәшһүр Жүсіп және шығыс әдебиеті132

Қадыров Ж. Т., Тагудретова Б. Б., Синбаева Г. К.

Қожаберген жырау шығармаларында құбылту түрлерінің

берілу жолдары141

Қанапина С. Ғ., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.

Дәстүрлі көркемдік элементтердің ұлттық танымдық белгісі152

Қанапина С. Ғ., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.

Ғаламдық тілдік бейненің қазақ мақал-мәтелдеріндегі көрінісі160

С. Ғ. Қанапина¹, К. Қ. Есіркепова², Б. М. Қадырова³¹ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;²ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;³ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kanapina.71@mail.ru; ²kenzhe.1810@mail.ru**ДӘСТҮРЛІ КӨРКЕМДІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ
ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ БЕЛГІСІ**

Мақалада мақал-мәтелдердегі теңеулердің қызметі, сөз қолданыстарындағы орнықтылығы, өмірді, дүниені танып білуге, философиялық терең ойды тұжырымдау, оны жан-жақты саралау мағынасында жұмсалуды анықталды. Сонымен қатар мақал-мәтелдердегі теңеулер өз алдына бір көркемдік танытып, белгілі бір стильдік мақсат үшін жұмсалып, дүниедегі заттар мен құбылыстарды көркемдік тұрғыдан танып білудегі қызметі қарастырылған.

Кілтті сөздер: халық қазынасы, бейнелі сөздер, теңеу, көркем мәтін.

КІРІСПЕ

Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыстық-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына үлкен уақиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» есебінде жүреді. Мақал мен мәтел құрылысы 'түрі' сөз саптасы жағынан бір-біріне жақын және ұқсас келеді. Бірақ өзара айырмашылығы да бар. Басты айырмашылық – бұлардың мазмұнында. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы («Көппен көрген ұлы той», «Құрыққа сырық жалғап», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» 'Тілге тиек жасап», «Ханнан қазық' биден тоқпақ» т.б.) ретінде

қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мәтел айтайын деген ойын турасынан білдірмей 'жанама түрінде, әр түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізуді, кейбір сөздерін тыңдаушының өзі аңғарып түсінер деген оймен әдейі қалдырып кетеді. Бұл мәтелдің өзіне тән ерекшелігінің бірі болып табылады.

Көркем әдебиетке, соның ішінде поэтикалық туындыларға тән көркемдегіш құралдардың баршасы дерлік мақал-мәтелдерге тән болып келеді. Мақал-мәтелдер сол себепті де әсерлі, тартымды, сол себепті де сезімді селт еткізіп, ақыл-ойға сәуле шашады. Сап алтындай таза, қоспасыз асыл сөздер. Ықшамдығы мен өткірлігі, көркемдік және идеялық тұтастығы арқасында тез жатталады, адамның жадында ұмытылмай сақталады. Бұл барша халықтардың шынайы мақал-мәтелдерінің тозбас қасиеті.

Сөздерді тура төл мағынасында пайдаланбай, ауыстырмалы мағынасында қолдануды троп дейді. Солардың мақал-мәтелдерде кездесетін елеулі-елеулі түрлеріне тоқталайық.

«Троп жүйесі мақал-мәтелдердің табиғатын тануымызға, сол тапқыр сөздерді аударғанда троп шарттарын ескеріп отыруымызға көптеген себін тигізетіні даусыз» М. Әлімбаев [1, 69 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мақал-мәтелдерде қолданылатын салыстырма мен теңеу бір-бірінен былай қарағанда онша айрыла қоймайтын да сияқты. Бірақ бұлардың өзгешелігі тұлғасында болса керек. Поэтикалық тілде троп ретінде қолданылатын теңеудің аясы салыстырмаға көбіне тең-бірдей, артық-кем, жақсы-жаман, биік-аласа, бетер тәрізді сөздердің есім сөздерге тіркелуі арқылы немесе зат есімге –ша, -ше жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мың «сіз», «бізден» бір «шыж-быж» артық.

Қонағынды сөзбен алдарқатқаннан күйдірген-пісірген дәм-тұзыңмен сыйлағанын жақсы деп салыстырады халық.

«Көп еңбегі көлмен тең»; «Палуанға оң, терісі бірдей»

«Қорқақтың қатыны болғаниша, батырдың жесірі бол».

Бұл теңдестіру әдісі арқылы жасалған салыстырма.

«Высокие горы, а надежда человека еще выше», «Тау биік, талап таудан да биік». Монғол халқы «Грязная душа хуже грязного тела» десе, қазақшасында әдейі салыстырма сипаты жасалған: «Тәні қарадан жаны қара жаман» деп ішкі ұйқаспен айтылған. Жоғарыда мысалдар салыстырма болса теңеудің жасалу жолы өзгеректеу.

Сөздердің реңкін кіргізіп ажарлап, айшықтап көркемдік үйлесімге келтірудің бірнеше түрлері бар. Сол көркемдегіш амал-тәсілдің бірі –

теңеу. Профессор Т. Қоңыров теңеуге төмендегідей анықтама берді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтика тұрғысынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы [2, 85 б.].

Теңеу-бейнелі сөздің ең бір көп тараған түрі. Жалпы көркем әдебиеттегідей, мақал-мәтелде де бір нәрсені әсерлі, айшықты суреттеу үшін, соның түр-тұрғасын көзге елестету үшін екінші бір нәрсеге ұқсастырып, баламалай айту теңеу болмақ. *«Оқу – инемен құдық қазғандай». Білім алу үшін арып-ашып қиналасың, төзім мен қажыр керек дейді, одан безіндірмей, қайта қайрап, жұмылдыра түсу мақсатымен, халық ұшан-теңіз азап-мехнатты осындай тың теңеу арқылы көзге көлбеңдетеді.*

«Жақсы – ай мен күндей, әмбеге бірдей». Кеменгер жандар бүкіл адам баласына ортақ деген өнегелі ойды беру үшін жер бетіне бірдей нұрын шашатын күн күдіреті, күн бейнесі символ ретінде алынған.

Мақал-мәтелдердегі теңеулердің –дай, –дей; –тай, –тей жұрнағы арқылы жасалған лексика-грамматикалық моделі өзінің құнарлығымен де, өнімділігімен де ерекше көзге түскенін, мақал мәтелдерде мол кездесетіні анықталды, мысалы: *«Құдағиың құрдасыңдай болсын, құдаң шын досыңдай болсын»; «Екі тентек қосылса, саудай болар. Екі ақылды қосылса, таудай болар»; «Жаманның сөзі түйеден түскендей, жақсының сөзі – диірменнен шыққандай», «Жақсылардың үлгісі, жанып тұрған шамдай, шешендердің сөздері ағып тұрған балдай», «Талапты бала – талпынған құстай», «Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей».* Осы мақал-мәтелдердегі –дай, –дей; –тай, –тей тұлғасындағы тұрған сөздердің мақал-мәтел объектілеріне де, олардың баламаларына да тікелей емес, жанама түрде ғана қатысты. Шынында да «құдағи мен құрдастың», «құда мен достың», «тентек пен саудың», «ақылды мен таудың», «түйе мен диірменнің», «шам мен балдың», «бала мен құстың» бір қарағанда ешқандай байланысы жоқ сияқты. Алайда біз өзіміздің ұлттық дүниетанымымызға тән түсінік арқылы, ұлттық менталитет бойынша бұлардың арасында да белгілі бір ұқсастықтың барлығын, сыртқы көрінісі мен сын-сымбатының сәйкестігін аңғарамыз. Сондықтан, мақал-мәтел мақсатына қарай әр түрлі заттарды салыстырады.

Бұл мәселенің бір жағы. Екінші жағы –дай, –дей; –тай, –тей тұлғасында қолданған сөздердің білдірейін деп тұрған мағынасының өзі біз үшін бір сабақ болса, екінші мақал-мәтел сол мағына-символ арқылы мақал объектісінің бейнесін, кескінін, көзге елестете алуымызда. Мәселен, жоғарыдағы –дай, –дей; –тай, –тей тұлғалы сөздердің сыртында жасырын тұрған бір емес, бірнеше сипаттама мағынасы болуы мүмкін. Айталық, *«Құрдасыңдай»* дегенде қазақтың ұлттық танымында құрдасқа тән қасиеттерді (сыйластық,

қазақы қарапайымдылық т.б.) *«Досыңдай»* дегенде (сырласың, тірегің, көмекшің ретінде болатынын айтады) *«саудай»* (екі тентек қосылса тоқтамайтын, күш жеткізбейтін қиын нәрсе екендігін баяндайды) *«таудай»* дегенде (екі ақылды қосылса мықты «үлкен» биік таудай болатындығын білдіреді) *«түйеден түскендей»* дегенде қазақ танымында (үлкендігі, арбиған көрінісі, қос өркеші, ауыр жүрісі, тұрысы, биіктігі) бірден елестеуі мүмкін, сондықтан жаманның сөзі сол биік, ауыр түйеден түскендей адамға ауыр, қатты тиетіндігін білдіреді, *«талпынған құстай»* (талапты баланы құсқа теңеп бір орнында отырмай еңбектеніп, оқып, тоқып ізденетіндігін білдіреді). Нақтылап айтқанда: *«Құдағиың құрдасыңдай болсын, құдаң шын досыңдай болсын», «Жаманның сөзі – түйеден түскендей, жақсының сөзі – диірменнен шыққандай»* – деп мазмұнын аңғартып, астарлап, салыстыру арқылы түсіндіріп тұр. Осы ұқсастықты логикалық ассоциативтік салыстыру, теңеу арқылы, ұлттық дәстүр негізінде түсінген адам ғана аталмыш мақал-мәтелдерді түсінуі мүмкін.

Мақал-мәтел құрамында теңеулердің «қандай» деген сұраққа жауап болып тұратын басқа бір түрі де көп қолданылады. Мысалы:

Өнерлі жігіт – өрге озар,

Өнерсіз жігіт – жер соғар

Жаман ерден жайдағым жақсы,

Жаман қатыннан бойдағым жақсы.

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Көріп отырғанымыздай мұнда да екі істі салыстыра теңеу бар. Бұл тәсіл мақал-мәтел үшін өте маңызды болып табылады.

Халқымыз ғасырлар бойы образды теңеулердің сан алуан түрін тудырған мақал-мәтелдерде сол асыл мұраны өздері де үздіксіз толықтыра отырып, өнімді қолданады. Мақал-мәтелдердегі теңеулердің барлығы да халық әдебиетінде қалыптасқан үлгі форма бойынша жасалған теңеулерде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ата кәсіптері көрініс беріп отырады. Мақал-мәтелдердегі теңеулердің қызметі әр түрлі реңк үстейді, сөз қолданыстарындағы орнықтылықты көрсетеді. Жалпы өмірді әр түрлі құбылыс арқылы ғана оның қыры мен сырын танып білуге болады. Сондықтан да мақал-мәтелдер өмірді, дүниені танып білуге, философиялық терең ойды тұжырымдау, оны жан-жақты саралау мағынасында жұмсалады. Алдыңғы мысалдардағы теңеулердің басым көпшілігі әр түрлі, олардың структуралық құрылымы сан алуан болады да, күрделі ойларды білдіріп, бейнелі суреттер жасау құралы ретінде қызмет атқарады. Мақал-мәтелдердегі теңеулер өз алдына бір көркемдік танытып, белгілі бір стильдік мақсат үшін жұмсалып, дүниедегі заттар мен құбылыстарды көркемдік тұрғыдан танып білуде едәуір қызмет

атқарады. Адам жан-дүниесінің суреті, күйініші, сүйініші, эмоционалды-экспрессивті әсері күшті ойды білдіреді. Мысалы, «*Ұл тарақтай болса да, ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да, ата қоныс ел қымбат*». Мұндағы –тай, –дей түрінде келген теңеулер «ұлт тарақтай», «ат төбеліндей» дала, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, қабырғасы қайысу, қуану, аз болса туған жердің қасиетін көрсету арқылы, эмоционалды-экспрессивті мәнде жұмсалған. Танымдық, тәрбиелік мәнде жұмсалған мақал-мәтелдердегі теңеулер тіл элементтерінің стильдік ерекшеліктерін ашып көрсетіп, көркем бейнеліктің эмоционалдық белгісін танытады. Мақал-мәтелдердегі теңеулерде ассоциациялық топта объекті мен белгі біреу болады да, образдар әр алуан болып келеді, яғни белгілі бір затты немесе құбылысты бейнелеу барысында түрлі теңеулерді қолданылады. Мақал-мәтелдердегі теңеулердің семантика стилистикалық белгілері арқылы әр түрлі топтарға бөлінуі, олардың бейнелі сөз ретінде тілдің басқа да осындай көркемдік құралдарымен, лексикалық бірліктерімен байланысу мүмкіндіктің мол екендігін байқатады, сондай-ақ стилистикалық қызметін аша түсетіні сөзсіз. Мұндағы теңеулердің негізі лексикалық зат есімдерден жасалған, басым көпшілігі күрделі теңеулер –дай, -дей; -тай, -тей; –ша, -ше жұрнақтары мақал-мәтелдерде тіл элементтерінің стильдік ерекшеліктерін ашып көрсетуде халық танымын нақтылап тұр.

Мақал-мәтелдердегі теңеулер күрделі ұғымды береді де, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделіп, шынайы суретке құрылып, эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулер образдармен берілген.

Осындай күрделі ұғымның нәтижесінде жаңа заттар мен құбылыстар былай қойғанда, бұрыннан белгілі заттар мен құбылыстардың өздері жаңа сипатқа ие болып, жаңа қырларынан көрінеді.

Сонымен қатар мақал-мәтелдерде кездесетін теңеулер табиғат құбылыстарының күштілігімен, айбынымен салыстырылып беріледі.

Мысалы: «*Пайдасы мол жігіттер – дария шалқар көлмен тең. Пайдасы жоқ жігіттер – ел қонбаған шөлмен тең*».

Бұл мақал-мәтелде адам іс-әрекетінің шамасы, жетістігі табиғат құбылыстарының алып күшімен теңеліп, табиғат бейнесін салыстыра көрсету арқылы эмоционалды-экспрессивті бейнелілік сипатын берген. Мұндай теңеулер кез-келген адамның сезім дүниесіне, ұлттық танымына көркемдік нұрын түсіреді.

Жазушы С. Мұқанов та теңеу арқылы берілген мақалды өте ұтымды қолданған: «*Ертең осы институтқа тазалау жүрсінші, – ең алдымен, сен ұшасың!*

Сонда не қыл дейсіз маған?

Ешнәрсе де қыл демеймін. Бұған дейінгі тентектік істеріңді бойыңнан құрт. Енді оның бәрін қой да, ынтаңды оқуға сал. «Тек жүрген тоқ жүреді»

дейді қазақ; «үндемеген үйдей бәледен құтылады» дейді. Артыңда «тегің жаттық» қоңырауың салдырлап жүріп, белсенділік жасаймын дегенді қой енді!» («Мөлдір махаббат» 497 б.).

Мақал-мәтелдердегі теңеулердің молдығы – мақалдың сөзді астарлап, бейнелеп қолданудағы қазақ әдеби тілінің ұлттық белгісінің бірі деп айтып, бұрыннан қолданылып келе жатқан дайын образдарды орнымен жұмсай білудегі солардың қалыбын (моделін) пайдаланып келе жатқандығын айтуға болады.

Қайрақбай мен Текебайды әкесі Бүркітке жібергенде Қайрақбайдың Бүркітке айтқан сөзінен теңеудің ұтымды берілгендігін байқаймыз:

«Ағаш бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, найза бойы қан жауса, шыдамайды туысқан» – деген екен бұрынғылар (428 б). «Қой асығы демеңіз, қолға жақсы сақадай, жасы кіші демеңіз, ақылы жетсе атадай» – деп бұрынғылар айтқандай, кішкене күніңнен-ақ, «осыдан бірдеме шығар» – деп дәмеленген едім де, жігіттік жасқа жеткеннен, қасыңда сұрқылтайың болуға бекінген ем, – деді Қайрақбай ауыр күрсініп, – ол үмітім қазір бұлдырланып мен жүрмейтін жолға түсіп кеттің!» («Мөлдір махаббат» 429 б.). Қазақ халқының талай ғасырлар бойы көшіп – қонып жүріп, табиғаттың тылсым сұлулығын жан дүниесімен сезіне білгенінің нәтижесінде өмірге образды теңеулер жасалды. Әдетте, теңеу туралы сөз болғанда салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Ал көркем мәтіндегі мақал-мәтелдерде бейнелі, өрнекті сөздер әлдеқандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен туады деп ұғынбауымыз керек. Ол эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені суреткерше қабылдаудан туары хақ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өткен дәуірлерде өмір сүрген ата – бабаларымыздың күнделікті тұтынатын, ұстанатын, қарым-қатынаста болатын нәрселерінен салыстыруға жарайтын қажеттісін тандап-талғап ала білу, оны қазіргі дәуірдегі замандастарына да тосын тимейтіндей, түрпідей естілмейтіндей етіп ұсына білуі-шеберлік. Адам баласы мәдениет саласына көтеріліп, ой-сана ілгеріленген сайын өмір құбылысын терең түсініп, бір нәрсенің қасиетін, ерекшелігін әр түрлі жақтарынан тани бастайтыны мәлім нәрсе десек, бұл жалпы көркем тілдің тәсілдерін талдағанда айрықша көзге түседі.

Теңеу мәнді сөздердің мазмұндылығын, өзгешелігін тереңірек түсініп, білу үшін қолданылатын көркемдік тәсілдің бірі. Көркем мәтінде мақал-мәтелдерді едәуір келтіру және оларды бұзбай, мейлінше дұрыс нұсқаларын ұсыну көзделеді. Кейбір авторлық дүниелер болуы мүмкін, бірақ олар да жасалуы мен логикасы жағынан халықтық мақал-мәтелдерден бөлектенбейді.

Халық қазынасынан алынсын, не олардың моделімен өзі жасасын қайткен күнде де көркем әдебиет тілінде кездесетін баба сөздері мен дана сөздер, яғни мақал-мәтелдер шығарма мәтініне тігісі жатық түскен, әрі әсерлі, әрі орынды тілдік– стильдік құралдардың бірі болып табылады.

Көркем мәтінде мақал-мәтелдерді қолдану жазушының көріктеу тәсілінің ең басты амалының бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әлімбаев, М.** Өрнекті сөз-ортақ қазына. – Алматы : Қазақстан, 1967. – 18 б, 33 б, 69–70 бб.
- 2 **Қоңыров, Т.** Қазақ теңеулері. – Алматы : Мектеп, 1985. – 198 б.
- 3 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. – Алматы : Толғанай, 2004. – 560 б.
- Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995. – 172 б.
- 4 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы, 1991. – 170 б.
- 5 **Болғанбаев, Ә., Қалиев, Ғ.** Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : Санат, 1997. – 127 б. 4.
- 6 **Мұқанов, С.** Таңдамалы шығармалар жинағы «Сырдария». – Алматы : Жазушы, 1980.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

С. Ғ. Қанапина¹, К. Қ. Есіркепова², Б. М. Қадырова³

Национальный познавательный знак традиционных художественных элементов

^{1,2}Костанайский государственный педагогический институт,
г. Костанай, Республика Казахстан;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

S. G. Kanapina¹, K. K. Esirkepova², B. M. Kadyrova³

National cognitive sign of traditional artistic elements

^{1,2}Kostanai State Pedagogical University,
Kostanai, 110000, Republic of Kazakhstan;

³S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

В статье рассматриваются стилистические особенности сравнений в пословицах и поговорках, стабильность их в использовании, которые передают глубокую философскую мысль в миропознании. А также рассматривается роль сравнений в познании явлений в мире, как художественное выражение слова.

The article deals with the activities of comparisons in proverbs and sayings, stability in the use of words, formulate a deep philosophical thought in the cognition of the world and life, and make an all-round analysis. The activity of the relations is considered as an artistic expression of things and phenomena in the world.